

8. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии : учеб. Пособие / Г.К. Селевко. – М. : Народное образование, 1998. – 256 б.
9. Современные проблемы обучения грамматике иностранных языков // ИЯШ, 2000. – №5. – Б. 22-26.
10. Соловова, Е.Н. Методика обучения иностранным языкам: базовый курс лекции: пособие для студентов педвузов и учителей / Е.Н.Соловова. – М.: Просвещение, 2002. – 256 б.

ӘОЖ 372.881.111.1

ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУДІ ОҚЫТУДА БЕЙНЕ САБАҚТАРМЕН ТЫҢДАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Орынбасарова Айша Нұркелдіқызы

aisharmy@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының
4 курс студенті, Нұр-сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Е. Дарменова

Ағылшын тілі сабақтарында бейне сабақтарды пайдалану бүгінде оқу процессінің ажырамас бөлігі және мұғалім үшін таптырмас көмек болып табылады. Бейне сабақтарды қолдану тіл үйренуге деген қызығушылықта арттырып қана қоймай, оқушылардың таным көкжиегін кеңейтеді. Бейне сабақтармен жұмыс жасау кезінде коммуникативтік қызметтің барлық төрт түрі іске қосылуы мүмкін: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым. Түпнұсқадағы бейне материалдарды қарау сөйлеу іс- әрекеті үшін нұсқаулық ретінде қызмет ететін және сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін сөйлеу үлгілерін қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, оқып жатқан тілде сөйлетін елдің мәдениетімен, салт- дәстүрлері, тарихымен таныс болады. Оқушыларға бейтаныс түпнұсқалық материалда өз білімдерін қолдануға және кеңейтуге мүмкіндік беріледі. Оқушылар шет тілінде сөйлеуді түсіне алатындығын байқаған кезде, олар өзін- өзі бағалауы және пәнді оқуға деген ынтасын арттырады.

Тыңдау процессінде барлық негізгі анализаторлар өзара әрекеттеседі: есту, сөйлеу, көру. Сонымен, сөйлеуді тыңдау барысында, тыңдаушы қабылданған ақпаратты айтады, ал визуалды анализатор сөйлеуді қабылдауды едәуір жеңілдетеді. Анализаторлардан басқа, тыңдауда маңызды рөлді ішкі сөйлеу атқарады, ол шет тілін бастапқы кезеңінде ішкі сөйлеу түрінде болады. Анализаторлар арасындағы байланыс және ішкі сөйлеудің болуы тыңдаудың сөйлеу әрекетінің басқа түрлерімен байланысты екендігінің көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Сөйлеу, сөйлеу мүшелерінің артикуляциясы процесінің нәтижесі болғанымен, тыңдау да маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, тыңдалым сөйлеушіге айтылған дыбысты бұрын естілген үлгімен салыстыруға мүмкіндік беретін сөйлеуді басқарудың маңызды функциясына ие. Шет тіліндегі тыңдау және сөйлеу оқу процесінде бір- бірімен тығыз байланысты: тыңдау сөйлеуге негіз бола алады, өз кезегінде тыңдалған материалды түсіну сапасы, әдетте, тыңдалған мазмұн туралы сұрақтарға жауап беру немесе оны қайталау арқылы бақыланады. Осылайша, тыңдау сөйлеуді дайындайды, сөйлеу тыңдау арқылы түсінік қалыптастыруға көмектеседі.

Шет тілін оқытудың мақсаты көбінесе шет тілінде қарым-қатынас жасау ретінде тұжырымдалады. И. Л. Бимнің пікірінше, коммуникативтік құзыреттілік- шет тілінде тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынасты іске асыруға дайындық және қабілеттілік. Яғни, шет тілдік қарым-қатынас негіздерін игеру оқушы тұлғасының кәсіби дамуы үшін де өзіндік негіз болады. Шет тілі қолданылмайтын ортада коммуникативті құзыреттілікті меңгері

қиынға соғуы мүмкін. Сондықтан студент ауызша мәтінді мәдениетаралық қарым-қатынас тұрғысынан қабылдау және түсіну қабілетіне ие болуы керек, ол үшін оған фондық білім қажет. Осы білімді игерген жағдайда оқушы шет тілді азаматтың вербалды немесе вербалды емес белгілерін, мінез- құлқын, түпкі, жеткізгісі келген ойын түсіне алады. Сол себепті, бейне материалдар арқылы тыңдауды сәтті үйрету үшін, осы мәселелерді ескеретін және оларды жеңуді қамтамасыз ететін әдістемелік жүйе қажет. Сондықтан, мұғалімнің маңызды қызметі- оқушыларға ағылшын тілді елдердің өмірі, дістүрлері, тілдік болмысы туралы көрнекі түсінік беру маңызды.

Бұл жағдайда мұғалімге заманауи технологиялар көмекке келеді. Қазіргі заманғы технологиялар сабақ кеңістігін кеңейтуге мүмкіндік береді және оқытудың жаңа формаларын қолдану қажеттілігіне әкеледі. Осындай формалардың бірі- бейне сабақтар. Бейне сабақтар оқыту, тәрбиелеу, білім берудің өте маңызды мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Біріншіден, көпшілігі Оксфордта шыққан бейне матреиалдарды қарай отырып, оқушылар ағылшын тілін түпнұсқасын ести алады. Екіншіден, бейнежазбалар оқушыларға сыныпта не туралы талқылайтынымызды, мәтіндер мен диалогтардан оқуға мүмкіндік береді. Бұл материалдарды бақылай отырып, оқушылар оқып жатқан елдің мәдениетімен жақсырақ таныса алады. Сабақ барысында бейне материалдарды пайдалану білім сапасын арттыруға ықпал етеді, себебі жаттығулар кезінде ол коммуникативті іс- әрекеттің келесі түрлерін қолдануға мүмкіндік береді: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу.

Психологиялық тұрғыдан, бейне материалдар пайдалану, көру және есту арқылы іске асады, сондықтан ақпаратты қабылдау тиімді іске асады. Оқушылар бейне материалдардан тек қызықты сюжет арқылы ғана емес, тілді түсіну арқылы қанағаттануға ұмтылу керек.

Оқушыларға мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын игерту мақсатында, бейне материалдар жүйелі түрде көрсетіліп, демонстрация әдістемелік түрде ұйымдастырылуы керек. Сонымен қатар, сабақта бейне материалдар қолдану оқушылардың ақыл-ой белсенділігінің әртүрлі аспектілерін, соның ішінде, назар аудару, мұқияттылық пен есте сақтау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен бірге, сыныпта бейне материалды қарау кезінде, бірлескен танымдық белсенділік атмосферасы пайда болады. Бұндай атмосферада тіпті ең тынымсыз оқушы да мұқият бола алады. Мазмұнды түсіну үшін оқушылар белгілі бір күш, зейін салуы керек. Зейіннің қарқындылығы есте сақтау процесіне әсер етеді. Ақпараттық ағынның әртүрлі арналарын пайдалану аймақтық және тілдік материалды қабылдау күшіне оң әсер етеді. Сондықтан, бейне материалдар оқушыларға әсер етуінің психологиялық ерекшеліктері оқу процесін қарқындатуға ықпал етеді және оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Бейне сабақтар әдісі визуалды әдістерге жатады және визуалды бейне жазбалардың жоғары тиімділігіне байланысты оқу және білім беру функциялары бар. Компьютер және проектор сияқты электронды бұқаралық ақпарат құралдары қазіргі уақытта оқыту барысында үлкен маңызға ие. Бейне материалдар оқушылардың коммуникативті мәдениетін қалыптастыруда таптырмас құрал, себебі бейне сабақтар оқушыларға таза, нағыз шет тілдік сөйлеуді тыңдатудан бөлек, сөйлеушінің мимикасы, іс- қимылы, өз- өзін ұстауы сияқты көрнекіліктерді жеткізеді. Осылайша, оқушы автоматты түрде, аутентикалық бейне материалды қарай отырып, ондағы кейіпкердің іс- қимылын, сөйлеу мәнерін өз тәжірибесінде қолданып үйренеді.

Осы тақырып аясында, 6- сынып оқушыларының жас және дара ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ барысында түрлі бейне материалдар көрсетілді. Солардың ең біріншісі, көпшілік алдында сөйлеу, яғни TEDx Talks арқылы адамдардың сөйлеуін тыңдау және бақылау. Бұл жерде оқушының аудио-визуалды дағдылары жұмыс атқарады. Оқушылар бейне материалды көріп болған соң, өз түсінгендерін айтты, осы арқылы олардың тыңдау дағдылаының деңгейін

тексердік. Осылай аптасына үш сағат ағылшын тілі сабағында оқушылармен, әзірге, 1 апта көлемінде кішігірім тәжірибе жасадық. Дегенмен бұл тәсілді жиі қолдану керек. Келесі сынып жұмысына оларға дәл сол бейне материалды қайталап көрсету берілді. Яғни оқушы жаттығады, бұл жерде сөйлеушінің сөйлеу мәнері (акцент, диалект, интонация, дыбысталу) және өзін ұстауы (мимика, қимыл, іс- әрекет). Оқушы жаттыққанда алдымен сөзін даярлайды, яғни мұқият тыңдап, сөздерін түсіне бастайды.

Бұл тәжірибенің нәтижесінде, ауқымды прогресс болмаса да, оқушылардың бастапқы деңгейінен айырмашылық бар.




Диаграмма 1.

Сондықтан, біз бұл әдістің тиімділігін тұдырымдай аламыз.

Қорытындылай келе, сабақ барысында тыңдалымды тиімді оқытуда бейне сабақтардың маңыздылығын анық айта аламыз. Оқушылар түпнұсқа бейне материалдарды қарау арқылы, тыңдау қабілетін ғана емес, сонымен қатар сөйлеу қабілетін шыңдай алады. Бұл арқылы оқушы оқып жатқан тілде сөйлетін елдің мәдениеті туралы, адамдардың коммуникативті нормалары және күнделікті сөйлеуде қолданылатын түрлі сөз өрнектері жайлы ақпараттар ала алады. Түпнұсқадағы бейне материалдарды қолдану, оқушылардың шет ел азаматтарын жақсырақ түсінуге мүмкіндік бере отырып, оны өз тәжірибелерінде қолдануды үйретеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Sysoyev P.V. Podcasts in teaching a foreign language. – М. http://journals.tsu.ru/uploads/import/1148/files/2_139.pdf
2. Veronika Pisarenko (2017). Teaching a Foreign Language Using Videos. https://www.researchgate.net/publication/320462609_Teaching_a_Foreign_Language_Using_Videos
3. Петренко Л.А., Филиппов М.Н. Использование видео материалов в обучении иностранным языкам. 2017.
4. <https://cyberleninka.ru/article/n/using-video-materials-in-teaching-foreign-language>

5. Secules, Teresa, et al. "The Effect of Video Context on Foreign Language Learning." The Modern Language. – Vol. 76. – No.4, 1992. – P. 480-490.
6. JSTOR, www.jstor.org/stable/330049
7. Herron, Carol. "An Investigation of the Effectiveness of Using an Advance Organizer to Introduce Video in the Foreign Language Classroom." The Modern Language Journal, vol. 78, no. 2. 1994, pp. 190-198. JSTOR, www.jstor.org/stable/329009
8. Попова Дарья Дмитриевна. Преимущества обучения аудированию с опорой на видео. 2016.
9. <https://cyberleninka.ru/article/n/preimuschestva-obucheniya-audirovaniyu-s-oporoy-na-video>

УДК 372.881.111.1

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ И ПРЕПОДАВАНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА ДЛЯ ДЕТЕЙ СРЕДНИХ КЛАССОВ

Пугоева Айна Салингериевна

pugoeva00.00@mail.ru

Студент 4-го курса образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Научный руководитель – К.Е. Ибрагимова

В настоящее время вопрос о внедрении современных технологий в учебном процессе стал предметом долгих обсуждений. Под современными технологиями подразумевается не только новые технологии, но также методы, формы и подходы к обучению. К важнейшим характеристикам технологий обучения считаются: результативность, экономичность, эргономичность. Цель данной статьи – установить какие технологии существуют для изучения иностранного языка; показать, как максимально эффективно можно усовершенствовать обучение с использованием современных технологий для детей средних классов.

В средней школе личность ученика ещё не сформирована в полной мере; данный период жизни является одним из самых важных для ребёнка. Учителя английского языка в средней школе входят в жизнь ребёнка в очень впечатлительные годы – время, когда ученик только начинает формироваться как личность. Внедрение иностранного языка поможет ребёнку пробудить интерес к большим достижениям и новым высотам, а также открыть мир безграничных возможностей. Учителя, в свою очередь, пробуждают воображение, дают детям возможность выразить себя, обеспечивают ученикам прочную основу, которая окажет глубокое влияние на их будущее. Главной задачей учителя является заложить прочный фундамент во всех областях английского языка. Перед учителями стоит крайне сложная задача и, чтобы справиться с ней успешно, необходимо подобрать точную и правильную методику преподавания.

Преподавание английского языка – это крайне сложный и многогранный процесс, требующий творческого подхода. Современному учителю иностранных языков необходимо знать новейшие методики, приемы и техники для того, чтобы профессионально проводить занятия, в соответствии с уровнем знаний, интересов и потребностей учащихся. Одним из самых современных и эффективных методов является – метод проектов. Это один из интерактивных методов в современном обучении, являющийся составной частью учебного процесса. Основания закономерности состоит в возможности овладения учащимися коммуникативной компетенции. В понятии «коммуникативной компетенции» подразумевается: речевая компетенция, лингвистическая компетенция и методическая компетенция. Проектное обучение